

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданындағы Таловка бұлағының сол жағалау салалары Попереченка, Козлушки, Бурнашев, атауы жоқ бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 14 сәуірдегі № 112 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Эділет департаментінде 2021 жылғы 16 сәуірде № 8628 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е ск е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстай мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданындағы Таловка бұлағының сол жағалау салалары Попереченка, Козлушки, Бурнашев, атауы жоқ бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданындағы Таловка бұлағының сол жағалау салалары Попереченка, Козлушки, Бурнашев, атауы жоқ бұлақтарының су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Алтай ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырысін.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агрономеркесіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л I С I L D I "

Республикасы

Қазақстан

Экология, геология және табиғи ресурстар

министрлігі

Су

және

табиғи

Су ресурстарын

ресурсстары

комитетінің

және қорғау

корғау

жөніндегі

пайдалануды

реттеу

инспекциясы

басшысының

Ертіс

бассейндік

міндетін

атқарушы

2021 жылғы "___"

M.

Иманжанов

Шығыс Қазақстан

облысы әкімдігінің

2021 жылғы 14 сәуірдегі

№ 112 қаулысына

қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданындағы Таловка бұлағының сол жағалау салалары Поперченка, Козлушки, Бурнашев, атауы жоқ бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі	Су корғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Поперечка бұлағы он жағалау	4,92	221,4	350-650	5	27,5	55
Козлушки бұлағы сол жағалау	1 , 4 7	8 2 , 5	5 0 0	1 , 6 1	8 , 6	5 5
он жағалау	2,17	94,6	500	1,62	8,6	55
Бурнашев бұлағы он жағалау	0,5	74,6	500	1,86	10	55
атауы жоқ бұлак сол жағалау	1	2 5	2 5 0	1 , 2 3	6 , 7	5 5
он жағалау	1,7	85	500	1,3	6,8	55

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК